

ЖАРКЕНТ



Айнасы

№13 (34), 13 шілде, дүйсенбі, 2020 жыл, jar-aina@mail.ru

ЕРБОЛ СЫПАТАЕВ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР ҚАЛАЙ ТАБЫЛДЫ?



«ДОМБЫРА КҮНІ –
ҰЛТТЫҢ ҮНІ»

→ 2-бет



САЯСИ ЗҮЛМАТ
КЕЗЕҢІ

→ 3-бет



АТҚОСШЫ

→ 8-бет

Желтоқсан айы қалай туады, солай бізді қолпаштап шақырушылар көбейеді. Әкімдігі бар, қоғамдық ұйымдары бар, мектеп, колледж, университеттен соғылған қоңырауларда тыным жоқ. «Желтоқсан көтерілісі туралы айтып беріңізші...» дейді баяғы. Бұрын шақырған жерге барды-жоқтымызды киіп, қалмай бара беруші едім. Соңғы бір-екі екі жылдың көлемінде тізгінді тартыңқырадым. Себебі, сол бір келкі сүренсіз кездесулер (сахнадағы жаттанды тапқатар, қарабайыр көріністер, көсіліп сөйлейтін «батырлар») әбден жалықтырды. Арнайы шақырған соң, кейде сен де барып қосылып, бірдеңе деп сөйлейсің. Өзің білетін ақиқатты жеткізгің келеді. Бірақ, өкініштісі, жан-жүрегіңмен айтқан тебіреністі лебізің мен ұсыныс-пікірлерің сол жерде қалады...

Өйткені, Желтоқсан ақиқатының ешкімге қажеті жоқ. Желтоқсан – Айдың арғы бетіндегі құпиялар секілді, әлі күнге дейін ашылмаған жұмбақ тақырып. Оны ашу қауіпті! Қоғам үшін емес. Ел басқарып отырған лауазымдылар үшін. Сондықтан, әлгі жиын өткізушілер отыз неше жыл бойы қойылып келе жатқан қарабайыр «сценарийден» ауытқымауға тырысады. Сахнада «Әр ұлтқа өз көсемі» деген

сияқты плакат ұстап, ұрандатқан оқушылар, жастар жүреді. Оның ар жағында сапер күрегі мен дойыр шоқпарын көтеріп, жалаңдаған «әскерлер» тұрады. Ию-қию айқай. Жүгіріс. Соңында «Атаңа нәлет, Горбачев! Тарт қолыңды, Мәскеу!» деген сияқты жалпылама айыптаумен қойылым бітеді. Бүгін де сол өрескелдік балабақшаға да жетіпті. «Долой, Колбин!» деп, сүрініп-қабынып жүрген сәбилердің қылығына не күлеріңді, не жыларыңды білмейсің.

Мұның екінші қыры тағы бар – аумақтардағы ішкі саясат, білім, жастар басқармалары «патриоттық тәрбиеге» бөлінген қаржыны игеру керек болған соң, одан «қоректенетін» қоғамдық бірлестіктер жоспардағы дүниені қалай да өткізуге мүдделі. Олар мұның ең оңай жолын тауып алған – колледж, мектеп, кітапханалармен келісіп, алқа-қотан көпшілікті жинап, бейнекамераға, суретке түсіріп, жоғары жаққа есеп берсе болды. Оның мазмұны ешкімді қызықтырған емес. Соның салдарынан, патриоттық тақырыптағы барлық іс-шаралар сүренсіз бір ізбен өтіп жатады. «Қасқыр да тоқ, қой да аман». Ал, кештің не туралы өткенін түйсінбеген шәкірттер әлгі көргендерін шыға бере ұмытады.

Осындай белгілі себеппен, мұндай кездесулерге барудан

саналы түрде бас тартқанбыз. Бірақ, мына бір шақырудан қалыс қалуға дәтім бармады. Кезінде Желтоқсанның құрбаны болған Ербол Сыпатаев оқыған Энергетика институтының (бүгінде Алматы энергетика және байланыс университеті) ұстаздары хабарласқанда, ұсынысты бірден қабыл алдым. Себебі, 1986 жылғы Желтоқсан ақиқаты туралы жазылған «Желтоқсан жаңғырықтары», «Жаппай жазалау. Сот» атты мақалаларымда аты аталған, сол үшін өзім әуре-сарсаңға түскен кейіпкерімнің бірі – Ербол Сыпатаевты еске алмау мүмкін емес еді.

Кездесуді алты мыңға жуық студенті бар үлкен университеттің Әлеуметтік пәндер кафедрасының меңгерушісі, техника ғылымының кандидаты, доцент Болат Қабдәшев, осы кафедраның профессоры, техника ғылымының докторы, «Парасат» зияткерлік клубының президенті Бақдәулет Берлібаев екеуі ашып, сөз сөйледі. Бақдәулет ағамыз кезінде ҚазПИ-де қызмет істеп жүргенде, студенттері алаңға шығып кетіп, біраз уақыт КІБ-ның құрығына іліккенін еске алып өтті.

(Жалғасы 4-5 бетте)

Жанайқай

ЕЛДІГІМІЗДІ ТАНЫТАЙЫҚ, АҒАЙЫН!

Құрметті Жаркенттік жерлестер!

Панфилов ауданының бас көтерер азаматтары!

Елімізде орын алған қиын жағдайға байланысты аудан жұртшылығы болып **ЖАРКЕНТ АУРУХАНАСЫНА** Түркиядан 5 оттегі аппаратын сатып алып беруді жоспарлап отырмыз.

Осы ретте сіздерден көмек сұраймыз. Сіздердің кішкентай ғана көмектеріңіз қос өкпесі қабынып, ауруханада ауа жетпей қиналып жатқан жерлестеріміздің өмірін сақтап қалары анық. Қолдан келгенше жәрдем берсеңіздер екен. Өркім өз шамасына қарай ақша аударса болғаны.

Бір аппараттың құны – 170 мың теңге.

Ақша жинау үшін:

Kaspi Gold: 5169 4931 2255 2360

Тел. номер арқылы да аударуға болады:

8 778 888 81 76Аты-жөні: **Таштахмет Жанар Тұранқазықызы**

Біз осы пандемия кезінде туған-туыстарынан айырылған барша жерлестерімізге, күллі қазақ еліне қайғыра көңіл айтамыз.

Ауруханада өмір үшін күресіп жатқан жандардың тезірек сауығып кетуін тілейміз. Оларға қолымыздан келгенше көмектесеміз.

Игі іске атсалысып, елдігімізді танытайық, ағайын! Жиналған қаржының есебі түгелдей осы газет бетінде жарияланатын болады.

Ұйымдастырушылар алқасы:

Болатжан Қожасмет – 87714735829;**Молот Солтанаев – 87054127848;****Алжанбек Болысбекұлы – 87013811537,****Жанар Тұранқазы – 87788888176,****Дархан Бейсенбек – 87779715767,****Нүргелді Әбдігани – 87787807494**

ТЕРРОРИЗМ – ЕЛГЕ ТӨНГЕН ҚАУІП



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында терроризм қатерінің өрши түсуі жағдайларындағы мемлекеттің қауіпсіздік ахуалы әлемнің дамыған елдердің бірі ретіндегі одан әрі дамуы мен қалыптасуы, оның күші мен қабілеттілігінің өлшемі болып белгіленді.

Жастарды рухани тәрбиелеу, дін мен жастар арасындағы өзара ықпалдастық жайында кеңінен мағлұмат беру, сондай-ақ жастар арасында діни экстремизм, терроризм сияқты керітартпа ағымдарға қарсы иммунитетті қалыптастыру мақсатында Жаркент қалалық кітапхананың ұйымдастыруымен «Дін – имандылық дінгегі» деген тақырыпта Панфилов аудандық орталық мешітінің Бас имамы Серік Шәріпұлымен онлайн кездесу өткізілді.

Ауданымыздың бас имамы барша қауымға дін туралы, соның ішінде ислам діні туралы, ислам дініндегі бес парыз туралы қымбат мағлұматтар берді.

Әлемде болып жатқан геосаяси өзгерістер ұлттық қауіпсіздік саласында неғұрлым түрлене бастаған және үлкен қауіптілік көздері тарапынан болатын сын-қатерлер мен тәуекелдердің жаңа спектріне бастамашылық етеді. Діни экстремизм мен терроризм қатерлерінің жүйелі алдын алу аясындағы міндеттердің күрделілігі мен өзектілігі осыған негізделген. Сондай-ақ экстремистік және террористік көріністердің алдын алудың жалпы мемлекеттік жүйесін жетілдіру бойынша ауқымды шараларды іске асыруда.

Қазақстан азаматтарының терроризмге қарсы санасын және радикалдық идеологияға қарсы иммунитетін қалыптастырудың тиімді нысандары мен әдістерін барлық деңгейдегі ақпараттық түсіндіру жұмыстары субъектілерін

теолог мамандармен толықтыру, түсіндіру жұмыстары ешқашан тоқтамауы керек. Бұқаралық іс-шараларды дөңгелек үстелдер, семинарлар, буклеттер, роликтер, орта, техникалық және кәсіптік, жоғарғы білім беру орындарында іс-шаралар өткізу арқылы біз жастардың жат ағымның жетегіне еріп, теріс пиғылдағы діни топтардың ықпалына түсіп кетуден сақтап қаламыз. Жастар санасының уланбауы, олардың бойында мемлекетшілдік сананың қалыптасуы – болашағымыздың кепілі.



Осындай шараларды ұйымдастырудың арқасында еліміздегі лаңкестік және экстремизм сияқты қауіп-қатерге бөгет болып, сүттей ұйыған бірлікті шайқалтуға, ел ішінде туындауы мүмкін бөлінулерге төтеп беру біздің парызымыз. Сол себепті лаңкестікпен күрес мемлекеттік органдардың ғана борышы емес, әрбір қазақстандықтардың міндеті деп түсінгеніміз абзал.

Сәуле ҚАЙРАҚОВА,
Жаркент қаласы.

«Домбыра күні – ұлттың үні»

Лесновка ауылдық кітапханасында 1 шілде ұлттық домбыра күніне орай «Домбыра күні – ұлттың үні» атты кітап көрме және «Қасиетті домбыра» атты танымдық сағат ұйымдастырылды. Танымдық сағаттың мақсаты – ата-бабамыздан мұра болып қалған қасиетті домбырамызды дәріштеп, ұлттық аспабымызды қастерлейтін ұрпақ тәрбиелеу.

Домбыра – қазақ елінің көнекөз шежіресі. Қазақ пен домбыра егіз ұғым. Домбыра – қазақтың қос ішекті халық аспабы, атадан қалған асыл мұра. Дыбыс өткізгіштігі жоғары, дыбыс жаңғырту қасиеті бар қарағай, қатты үйенкі, емен секілді киелі ағаштардан құрастырылып немесе ойылып жасалады. Құлақтарымен арнайы күйіне келтіріледі. Аспап үні қоңыр, құлаққа жағымды әрі жұмсақ.

Домбырам жүрегіммен үндес едің,


Сенімен сырласымдай тілдесемін.

Бабамнан қалған мұрам сен болмасаң,

Өнердің не екенін білмес едім.

Қазақтың рухын көтеретін – қоңыр үнді қасиетті домбыра. Жастайынан домбыра тартып үйренген бала зерек, кез келген әуеннің табиғатын, психологиясын, терең иірімдерін түсінетін қабілетті болып өседі. «Домбыра тартқан бала ешқашан жамандыққа бармайды, адаспайды» деп ертеде ата-бабамыз текке айтпаған. Домбыра – әр қазақтың үйінде тұруы тиіс жәдігер.

Лена САРТБАЕВА,
Лесновка ауылы.



Ғасырдан ғасырға үн қатқан Баласағұн ғұлама «Рухы мықты елдің тәжі басында, бағы қасында» деген екен. Халқымызбен бірге жасап келе жатқан киелі домбыра қаншама жүрек толғатқан сағыныштарды, мұңдарды, қайғы-қасіретті, қуанышты, адамның жүрегіндегі асыл сезімді келер ұрпаққа жеткізуде. Қос ішекті домбыраның үні қашанда қазақтың жүрегінде.

Халқына әсем әнін, күйін сыйлаған Құрманғазыдан бастап, Жетісу жеріндегі күміс көмей, жезтаңдай әнші Дәнеш ағаларымыз осы қос ішекті домбырамен қазақ

Даланың қасиетті рәмізі – домбыра

халқының жүрегін баурады. «Көргені жақсы, көш бастайды» демекші, ел басшылығы шілде айының алғашқы жексенбісін «Ұлттық домбыра күні» деп жариялап отыр. Халықтың көңілінен шығатын аңсап жеткен мерекеміз мәңгі болсын!

Домбыра – қазақтың жаны, Ұлы дала рәмізі, жарқын үні өткен жолдарының белгісі. Қазақ барда домбыра мәңгі жасай бермек. Ұлттық өнер, ұлттық аспап – өміршең.

Сәуле АХТАМҚЫЗЫ,
Басқұнышы ауылы.

Өмірді көре берсең төселерсің
Ениңді аламын деп еселерсің.
Құдай мен Әруақтан сұрайтынмын,
Ұрпағы би Салпықтың өсе берсін!
Төрехан Жақыбай би ұлы

«МӘДЕНИ МҰРА – АСЫЛ ҚАЗЫНА»

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы – қазіргі Қазақстанның әлемдік өркендеуінің дәлелі. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында халқымыздың тасқа басылған тарихын түгендеу, ғасырлар қойнауында қозғаусыз қалып қойған әдеби-мәдени қазыналарын аршып алу тұрғысында да маңызды бетбұрыс жасалды. Еліміздің аумағындағы ежелгі қалалар мен ескі қорғандардың 40-тан астамы зерттелді. Соның нәтижесінде ата-баба тарихынан мол мағлұмат беретін құнды жәдігерлер ғылымға зор үлес болып қосылды. Оның ішінде тұңғыш рет өзіміздің Жаркент өңіріндегі Ілебалық қаласының орыны анықталып, қазба жұмыстарының жүргізілуі ел тарихына қосылған сүбелі үлес деп білейік.

Бұл тұрғыдан алғанда, әлемде бірде-бір аналогы жоқ «Мәдени мұра» бағдарламасы әлдеқашан өзінің жоғары бағасын алды.

Жазиралы Жаркент өңірінің киелі жерлерінің терең тарихы мен әсем табиғатының өзі де өткен тарихқа толы. «Әлемнің тарихы дегеніміз – ұлы тұлғалардың өмірбаяны» деген тұжырымды басшылыққа ала отырып өңірімізден шыққан белгілі тұлғалардың ғұмыр жолына үнілу, олардың ел үшін жасаған ерлік істерін дәріптеу – ел ертеңі деп сенім артып отырған жас ұрпақтың бойына отаншылдық рухты дарытудың бір жолы болмақ.

Салпық би бабамыз ұлы жүз Суан тайпасынан шыққан әрі би, әрі батыр. Салпық Ілешұлының тарихына үнілу арқылы тарихи оқиғаларды зерделеу негізінде шөбересі Жақыбаев Әдепхан Төреханұлының естіген әңгімелерді жүйелей отырып жеткізу оқырмандар танымын кеңейтіп, пайымына әсер етері сөзсіз.

Салпық би 1830-1900 жылдар аралығында өмір сүрген Мырзагелді бабамыздың Туматай деген батыр ұлынан тараған үрім – бұтағының бірі. Қазіргі таңда Салпық биден тараған



немере-шөберелері 200 түтіннен астам. Салпықты ел сыйлап, атын тура атамай Апахан деп атауының өзі Салпық биге деген үлкен құрметі болса керек.

Салпық бабамыз әке жолын қуып жігіттік жасқа таяғаннан кейін Қытайдағы Құлжа мен Ташкенттің арасында жүретін, саудагерлердің керуен басшысы болады.

Салпық би Уәлибай саудагермен байланыста бола жүріп Жаркенттегі

мұсылмандар мешітін салуға үлкен үлес қосқан адам. Жаркент өңірінде кездеспейтін көрікті ағаштардың көшеттерін, ғажайып гүлдердің тұқымдарын сонау Қытайдан, Ташкент, Самарқандан түйеге теңдеп әкеліп мешіт пен қаланы көркейтіп, коғалдандыруға Салпық бидің қосқан үлесі мол.

Бай Салпық атанғаннан кейін егіншілікпен айналысып, су шықпаған тастақ жерлерге су шығартып, бидай, арпа, сұлы,

беде ектіреді. Қу өзенінің суын төменгі Арасан мен Қүреспеннің тұсынан арық қазып, Әулиеағаштың шығыс жағындағы тастақты үлкен алқапқа су шығарып, оны Жылбастауға дейін созады. Міне сол арықты бүгінгі күнге дейін «Салпық арық» немесе «Салпық тоған» деп атайды.

Салпық би дүние салғаннан кейін орнына баласы Жақыбай би болады. Жақыбай би әкесі Салпық бидің жән тәсілім еткен жеріне шеберлерді шақырып күйдірілген көк кірпіштен күмбез тұрғызды. Міне сол Салпық атамның күмбезі өзі туып, өзі өлген жерде атадан ескерткіш, мұра ретінде қалып, ата-бабамыздың өмір жолын табиғи тарих ретінде дәлелдеп тұр. Сол күмбезге 100 жылдан астам уақыт болды.

Салпық бабамыздың зираты басына орнатылған керемет кесеңе осыдан бірер жыл бұрын қайта жасалып, жаңаша бой көтерді. Ұрпаққа үлгі болсын деген бұл игі бастамаға да мұрындық болған, соны ұйымдастырып басқарған Әдепхан атамның еді.

Әдепхан атамның кітапханамызға өзінің ұлы, ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, академик Төреханов Айбын Әдепханұлының «Би Салпық» атты кітабының үш данасын сыйға тартты. Бабалар тарихына құрметпен қарап, оны танып білуге деген құштарлық ұрпақтар арасындағы сабақтастықты жаңғыртудың өзегі. Тарихты білу өзімізді танудан басталатыны ақиқат. Кітапта Салпық бидің үзеңгілес серіктері мен Жаркент өңірінен шыққан билер мен батырлар туралы мағлұматтар молынан ұсынылады. Кітап Салпық бидің өмірден озғанына 120 жылдығына орай жарық көріп отыр.

Сөйтіп, «Мәдени мұра» ұлттық стратегиялық жобасын жүзеге асырудың мақсаты, тапсырмасы қазақстандықтардың қазіргі ұрпағына, Ұлы қазақ даласында өмір сүрген және өмір сүріп жатқан халықтың мәдени игілігін сақтау болып табылады.

Коктал ауылдық
кітапханасының қызметкерлері.

САЯСИ ЗҰЛМАТ КЕЗЕҢІ



Меңің атам Бағашар Туғамбайұлы қуғын-сүргіннің құрбаны болған. Ол кісі 1905 жылы Ұйғыр ауданында дүниеге келген екен. Өзінен басқа 2 ағасы болған. Олар: Ахметбек пен Әшірбек. 1929-1951 жылдар аралығында Басқұншы ауылдық кеңесі бойынша қуғын-сүргін құрбандарының есімдерінің ішінде атамның да есімі жазылған.

Қинамайды абақтыға жапқаны,
Қиын емес дарға асқаны, атқаны.
Маған ауыр осылардың бәрінен,

Өз ауылымының иттері үріп қапқаны, – деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқан еді. Ел іші алағай да бұлағай болып жатқан аласапыран кезеңде атамның «байдың баласы» деп көрсетіп, жазықсыз жаламен жас жігітті Магаданға алып кетеді. Ол кезде репрессияға ұшыраған ата-анасынан айырылып қалған кезі еді. Атамның Магадан жерінде қалың

орман ағаштарын кесіп, дайындаған. Аш-жалаңаш қалып, ауыр жұмыс істеп, адам баласы төзбейтін қиыншылықтарды көрген.

1941 жылы Ұлы Отан соғыс басталып, репрессияға ұшырағандар, сотталған адамдарды пойызға отырғызып қан майданның ортасы – Украинаға алып келеді. Еңбек армиясы құрылып, ол жерде окоп қазып, блиндаж жасап, қаза тапқан адамдарды үлкен қазылған жер қойнауына тапсырып отырған. Сонда ішінде мұсылман солдаттардың жүзін құбылаға қаратып қойып жерлеген екен, ал құжаттарын басшыларына тапсырып отырған. Қалақай, ағаштың үгінділерін жеп, тамақ артылса ғана берген және өлген адамдардың киімін берген екен.

Соғыс аяқталып үйіне қайтқанда, Сарыөзек станциясында қарақшылар бар құжаттарын ұрлап кетеді. Құжатсыз қалған атамның амалсыздан тау бөктерін жағалап үйіне аман-есен оралады. Сол жылы үйленіп, отбасында 10 баласы болған. 2 ұлы бала кезінде қайтыс болады. Колхоздың малын бағады. Қиыншылық көрген атамның ұрпақ атамның шахтасында істеп, үлкейген шағында екі көздің жанарынан айырылды. 1983 жылы 78 жасында дүниеден өтті. Соғыстан кейін есімі ақталып, Ұлы Отан соғысының ардагері Туғамбаев Бағашар атамның есімі мәңгі Мемориалды ескерткіште жазылған. Біз ұрпақтары, атамның қажырлы еңбегімен, ерлігімен мақтанамыз.

Сәуле АХТАМҚЫЗЫ,
Басқұншы ауылы.



«Алтын Орда – түркі халықтарының тарихы»

Лесновка ауылдық кітапханасында «Алтын Орда – тарих мұрасы» атты кітап көрмесі және «Алтын Орда – түркі халықтарының тарихы» атты тарихи танымдық сағат ұйымдастырылды.

Өскеген ұрпаққа ата-бабамыздан мұра болып қалған ұлы даламызда орын алған тарихи оқиғалар мен қазақ даласындағы осыдан сегіз ғасыр бұрын құрылған алып империя – Алтын Орда мемлекетінің тарихын дәріптеп, таныстыру – аталмыш іс-шараның негізгі өзегі.

Биыл Алтын Орда мемлекетінің құрылғанына 750 жыл толып отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы датаны мерекелеу аясында Ұлытауды Халықаралық деңгейдегі этнографиялық туризм орталығы ретінде насихаттап, Жошының есімін ұлықтауды қолға алу қажеттігін айтқан еді. Алтын Орда – Жошы ұлысының орнына құрылған алғашқы мемлекеттердің бірі. Жошы ханның баласы Бату ханның кезінде Орда Алтай тауынан Дунай өзеніне дейінгі ұлан – ғайыр жерді алып жатқан үлкен

мемлекеттің орталығы Еділ бойындағы Сарай – Батуда болса, кейін Сарай – Беркеге көшірілген.

Бату хан – Алтын Орданы құрушы тұлға. 1227-1255 жылдары Алтын Орданы билеген. Мұсылман деректерінде Бату ханның әділ адам болғандығы айтылған. Ол мұсылман елдеріне әрқашан қамқорлық танытып, оларға мешіт салдырып, діни әдет-ғұрыптарды жүргізуге көмектесіп отырған.

Жошының ұлдары Бату хан Алтын Орданың негізін қалап, Берке хан іргесін бекіткен. Алтын Орда Мәнке Темірдің билігі кезінде 1269 жылы Талас өзенінің бойында шақырылған Шыңғыс ұрпақтарының құрылтайында татулықты сақтай отырып, өз ұлыстарында тәуелсіз саясат жүргізуге өзара мәміле жасап, дербес империя екенін толық мойындатуға қол жеткізді. Тарихта Жошы ұрпағы өмір сүрген заман «Алтын Орда дәуірі» деп аталды.

Лена САРТБАЕВА,
Лесновка ауылы.

(Басы 1-бетте)

ЕРБОЛ СЫПАТАЕВ ТУРАЛЫ

– Ал, Қақа, кезек өзіңізде. 90 минуттық академиялық сағатқа арналған дәрістік, танымдық лекция десеңіз де болады. Асықпай сөйлеуге мүмкіндігің бар, – деді сосын маған қарап.

Шошып кеттім. Көздері жәудіреп отырған мына бірінші курстың сарыауыз балапандарына бір жарым сағат бойы не айтуға болады?

Біріншіден, бұл өте ауыр тақырып, әлі күнге дейін тарихшылардың тісі батпаған, ғылыми жағынан толық зерттелмеген. Екіншіден, мына отырған көгенкөздер жарық дүниеге келмеген кезде болып өткен Желтоқсан туралы түйсіне қояр ма екен? Зер салып қарасам, кейбірі сотқасын шұқылап, күлісіп, енді біреулері ойсыз күйде терезге телміріп отыр. Жоғарыда айтып өткенімдей, «Күлтөбеде» күнде өтетін жиындардан жалыққаны сезіледі.


– Ал, жас достар! – дедім сосын әңгіменің басын ашып алайын деген оймен. – Өздерің оқып-білім алып жүрген осы білім шаңырағына екінші рет келіп отырмын. Алғаш рет 1994 жылы Ербол Сыпатаев атындағы оқу залы ашылғанда бас сұғып едім. Оның кім екенін өздерің білесіңдер. Енді, бүгін міне, Ербол мен оның желтоқсандық замандастары туралы өздеріңмен әңгіме өрбітпекпін. Бұл әңгімені қызықсыз, қажетсіз деп санағандарың қазір шығып кетулеріңе болады. Ал, қане, кім бастайды?

Студенттер мұндайды күтпесе керек, сотқаларын кілт тастап, бастарын көтерісіп, антарылып қалды. «Шын айтып тұрсыз ба?» дегендей, абдырай қараған үш-төрт жасөспірім апыл-ғұпыл жиналып, шығып кетті. Қалған қыз-жігіттер кездесудің соңына дейін тапжылмай отырды. Ұлы Тәуелсіздікті жақындатқан ызғарлы 86-ның қайсар жастары туралы, Ербол жайында айтылған шежірені қызыға тыңдады.

Иә, 22 жасында Желтоқсан қырғынында қыршын кеткен Ербол Сыпатаевтың тағдыры өте күрделі еді. 1964 жылы 10 наурызда бұрынғы Талдықорған облысы Панфилов ауданының Еңбекші ауылында қарапайым жұмысшы Бейсен Алшынбековтың отбасында туған. Алайда, бесіктегі сәби шағынан ержеткенге дейін әкесінің ағасы Мұқажан Сыпатаев пен Тұрған апасының бауырында тәрбиеленген. 1970 жылы ағасы, 1982 жылы апасы қайтыс болады да, Ербол өз үйіне қайтып келеді. Бұл кезде институттан құлап, Жаркент қаласындағы ДОСААФ-ты бітіріп, жүргізуші болып жұмыс істеп жүрген кезі екен. Сынып жетекшісі Дәулетқазы Рақымғазыұлының айтуынша, інілері Ержан, Тұрсын, Тұрыскелді мен қарындасы Назгүлге қарайласып, әскерге кеткенше әке-шешесіне қолғабыс жасайды.

– Ерболдың қазақ ауылдарындағы өзі сияқты көптеген қарадомалақтардан ешқандай ерекшелігі жоқ. Қатарлас құрбыларымен бірге мал бақты, шөп шапты, отын-су тасыды. Айырмашылығы – тағдыры ғана өзгешелеу болып қалыптасты. Желтоқсанның ызғарлы күндерінде ол ұлт намысын қорғаған жастардың алдыңғы сапында жүрді, – дейді ұстазы.

Алматы энергетика институтының 2-ші курс студенті Ербол Сыпатаев алаңға достарымен бірге саналы түрде барғаны дәлелденді. «Елім, жерім, тілім» деп, ұрандаған жастардың тоталитарлық режимге қарсы іс-қимылын басып-жаншу үшін алаңға 7618 солдат, 15 БТР, 20 өртсөндіргіш машина шығарылды. Астана іргесіндегі 70-разъезде арнайы танк полкі №1 әскери



әзірлікте тұрды. Қалың әскермен бірге, көшеге 10 мың жұмысшыдан тұратын арнайы жасақтар жіберілді. Жолында кездескен қазақ атаулыны жайпап, жусатып отырған бұл ұр да жық жасақшыларды арматура кесіндісімен қаруландырып, автобустармен алып жүрді. Оған Алматы электр техникасы зауытының бұрынғы директоры Еркін Қадыржановтың мына бір сөзі куә: «17 желтоқсанда мен зауыттан жасақшылар жинап, оларды алаңға апару туралы Октябрь аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Мещеряковтан шұғыл бұйрық алдым. Алаңдағы қарсылықты басу үшін оларға арматурадан арнайы темір кесіндісін қиып беру ескертілді».

Қазақ ССР Ішкі істер министрлігінің анықтамасы бойынша, 18-25 желтоқсанда 8 мыңдай адам уақытша қамау изоляторына әкелінген. Бұл ресми тіркелгені ғана. Ал, парламенттік комиссия жинақтаған деректерге жүгінсек, сол үш күнде 60 мыңдай адам алаңға шығыпты. Оның 8000 уақытша мерзімге қамауға алынды, 99 желтоқсандық қылмыскер ретінде сотталды, 200-дей студенттер мен жұмысшы жастар 1 айға дейін абақтыға жабылды, 1500 адам алаңда жәй болғаны үшін ғана әкімшілік-тәртіптік жазаға тартылды. Қайрат Рысқұлбеков пен Мырзағұл Әбдіқұлов ату жазасына кесілді, Ербол Сыпатаев, Ләззат Асанова, Сәбира Мұхамеджанова сынды жас өркендер шейіт болды.

18 желтоқсанның түнінде басынан жарақат алып, ауруханаға түскен Ербол 23 желтоқсанда көз жұмады. Бұл арада Ерболдың жасаған ерлігі өз замандасы Қайрат Рысқұлбековтың азаматтық іс-әрекетімен өте ұқсас екенін байқауға болады.

«Бір жас қазақ қызын шашынан ұстап, тепкілеп жатқан милиция майорын көріп қалып, қарындасқа ара түстім. Құтырылған майорды бір ұрып құлатып, қызды құтқарып қалдым», – дейді сотта сөйлеген сөзінде Қайрат.

Ербол да солай, сыртқы киімдері дал-дұлы шығып жыртылған, шаштары қобырап, естері шыға қорыққан қос бойжеткенді екі қолтығына алып, көпқабатты үйлердің қалқасына қарай жүгіреді. «Ештеңеге қайырылмандар, үлкен көшеге шығып кетіңдер!» деп, қыздарды қалың әскердің қоршауынан шығарып үлгереді. Сол сәтте, арт жағынан келіп жеткен жендеттер сапер күрегімен ұрып, жерге құлатады. Етпетінен түскен Ербол ет қызуымен атып тұрып, бір солдаттың қолындағы күректі жұлып алады. Өзі де әскерде болған, спортпен айналысқан епті жігіт қой. Бірақ, ешкімді ұрмай, тек қорғанудан ғана жүреді. Сол кезде шүйдесіне тиген екінші ауыр соққандан есін жоғалтты...

Ауруханада КГБ тыңшылары үш күн бойы дәрігерлермен жағаласып, Ерболдан жауап алу үшін палатаның есігін күзетеді. Сонда, емдеуші дәрігерлердің қайран қалғаны – есін бір жинаған сәтте Ербол «Қыздар құтылды ма?» деп сұрапты. Ең соңғы сөзі осы болыпты...

Әрине, мұның бәрін біз кейін, тым кейінірек, Тәуелсіздік алғаннан кейін ғана естіп, білдік. Ал, ол кезде, Ербол Сыпатаев туралы деректер тым тапшы еді. Ресми құжаттарда әкешесі жоқ, жетім ретінде көрсетілді. «Қазақ КСР Жоғарғы Советі президиумының Алматы және Қазақстанның өзге облыстарындағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғаларына тиісті баға беру жөніндегі комиссиясының қорытындысында» солай деп жазылды. Неге?

Енді, сол туралы қысқаша тоқталып өтейін. 1989 жылы шілде айында мен осы комиссияның сарапшылар тобына шақырылдым. Жан-жақтан жиналған заңгерлер, ғалымдар, журналистер, қоғамдық ұйым өкілдері жұмысқа құлшына кіріскенімізбен, ісіміз мандымады. Жапа шеккендердің ешқайсысы комиссияға сенбей ме, қорқа ма, Үкімет үйіне келмейді. Қайта, Жазушылар Одағы жанындағы Тұрсын Жұртбаев басқаратын Қоғамдық комиссияға көп баратынын

байқадым (Мен сол праволық комиссияның да жауапты хатшысы едім). Сотталған желтоқсандықтардың көпшілігі әлі де абақтыда жатқан кез. Алматыда жүргендердің ешқайсысы ақталмаған. Содан сақтана ма, олар да жоламайды. Бір күні депутаттық комиссияның қосалқы төрағасы Қадыр Мырзалиев «Айғақ қане, куә кім?» деген мақала жазып, «Қазақ әдебиеті» газетіне жариялап та көрді. Жоқ, бірен-саран жауапты қызметтен қуылған адамдар болмаса, тікелей желтоқсандықтардан төбе көрсеткендер аз болды.

Ақыры болмаған соң, тамыз айының соңында Мұхтар Шаханов «Жалын» журналына қарасты өзінің қызметтік «Волга» машинасын беріп, «Талдықорған облысына барыңдар, міне, КГБ-дағы бір танысым берген мына тізім бойынша желтоқсан құрбандарын анықтаңдар, тірі куәларды тауып келіңдер» деп, бірнеше жігітке тапсырма берді. Сөйтіп, қоғам белсендісі Мұратқан Түйебаев, журналист Армиял Тасымбеков, мен және жүргізуші Серік төртеуіміз жолға шықтық.

Кеш бата Жаркенттің шетіндегі бір ауылға кеп тоқтадық. Мал қораланып, сиыр сауылып, ел-жұрт жайланып, кешкі астың қамына кіріскен елең-алаң сәт. Түскен үйіміз Армиял Тасымбековтың немере ағасының шаңырағы екен.

– Қақпаның есігін дұрыстап жап! – деді үй иесі біз кірген соң, бір бозбалаға нығарлай сөйлеп. Сірә, біздің кім екенімізді, қандай нұсқаумен жүргенімізді ағасы білетін сияқты. Әкесінің айтқанын тап-тұйнақтай орындап, үйге қайта кірген балаға тағы бір тапсырма берді.

– Терезенің перделерін түсір. Сосын өз бөлмеңе барып, кітабыңды оқы. Көшеге шықпа.

Күнге әбден тотығып, жүзі қайыңның қабығындай секпіденіп қалған жасөспірім «Неге?» деп сұраған жоқ. Үлкендердің не үшін үрейленіп, неге үркінді болып жүргенін іші сезетін сияқты. Басын іздеді де, кекілін бір сипап, шығып кетті.

Ауылы тән біркелкі стандартпен салынған үлкен төрт бөлмелі үйдің қонақ залында отырмыз. Шәй ішілді, ет желінді. Жөн сұрасқаннан басқа, артық-ауыз әңгіме айтылған жоқ.

– Сонымен ертең Еңбекшіге қайта баратын болдық па? – дедім мен астан кейін үлкеніміз Мұратқанға қарап. Ол «сөйтетін шығармыз» дегендей, шаршаңқы үнмен қысқа қайырды.

Бүгінгі күніміз расында да, адамды шаршататындай бос сенделіспен өтті десе болады. Алматыдан таңертең шыққанымызбен, жолда ескі «Волга» қайта-қайта бұзылып, біресе суы қызып, біресе ремені кетіп, ит зуремізді шығарды. Елден көмек сұрайық десек, Кербұлақ ауданының ауыл басшыларының бірін де кездестіре алмадық. Ғажап, біз келгенде, қонторда кекілі секиген хатшы қыздар ғана отырады. Жібі түзу ешкімді кездестіре алмаймыз. Сөйтсек, мұның сырын түс ауа Алтынемел асуынан асқаннан кейін, Панфилов ауданына қарасты шөпшілер қосынында шәй ішіп отырғанда білдік.

Орта бойлыдан сәл жоғары, бұйрабас, отыздардың ішіндегі сіліңгір жігіт шөпшілердің бригадирі екен. Аты Женіс. «Темекі шекпейсіз бе?» деді, бір қаға берісте маған көзін қысып. «Шегейің» дедім мен, ондай әдетім жоқ болса да, бірдене айтқысы келгенін түсініп. Қостан едауір ұзап шықтық. «Сіздер туралы біз жақсы білеміз, аға. Сіздер Шахановтың комиссиясынан келе жатырсыздар ғой. «Олармен кездеспендер, кездесе қалса, әңгіме айтушы болмаңдар» деп, бүкіл ауылдардың басшыларына ескертіліп қойылған. Машиналарыңыздың нөміріне дейін берілген» деп, Женіс қарап тұр. «Бұл кім болды, сонда? Үш әріптің адамы емес пе екен?» – деп ойлап үлгергенімше, ол сөзін қайта жалғастырды.

– Қорықпаңыз, аға. Мен тыңшы емеспін, – деді күліп. – Менің аты-жөнім Женіс Бекеев. Қазақ ауылшаруашылық институтының 1-ші курсына оқып жүргенде, осы Желтоқсан оқиғасының салдарынан оқудан шығып қалғам.



ДЕРЕКТЕР ҚАЛАЙ ТАБЫЛДЫ?

– Солай ма? – дедім мен әлі де сенікіремей.
– Сенбей тұрсыз, ә! Мейлі, өз еркіңіз. Мен тіпті, алаңға да шықпадым ғой, қылаудай кінәм жоқ. Институттың 6-шы жатақханасында тұратынбыз. 18 желтоқсан күні түскі сағат 12-лерде жатақханамыздың бірінші қабаты у-шу болып кетті. Төменге түссем, солдаттардан қашқан он шақты бөтен қыз-жігіт бізге басып кіріпті. Сыртқы есік кілттеулі болатын. Жаны қысылғанда, соны бұзып кірген ғой. Олардың соңдарынан жеткен қуғыншы әскерлер де баса-көктеп, құтырып жүр. Қолдарында сапер күректері. Жолында кезіккен ұл балаларды шетінен сұлатып келеді. Ондай сұмдықты көрмеген мен шошып кетіп, жоғары қаштым. Қасыма бір сары бара ілесті. Оны танымаймын. Екеуміз жан ұшырып үшінші қабатқа көтерілдік. Есігіме келіп, бөлменің кілті түсіп қалғанын бірақ білдім. Қайтадан іздетіруге енді кеш. Ұзын дәліздің ең шетіндегі дәретханаға барып тығылдым. Бірақ, солдаттар бізді көріп қалыпты. Келген бетте, бізді күреппен ұрып жығып, тепкінің астына алды. Басымды ғана бүркеп алғанмын. Сары бала үнсіз қалды. Тірі ме, білмеймін. Енді бір қарасам, терезенің жақтауына шығарып, мені төмен қарай лақтырып жіберді. Абырой болғанда, ағаш бұтақтарына соғылып, аман сау қалдым. Бір аяғымның сіңірі созылыпты. Соған қарамай, тұра сала қаштым. Қиралаңдап келе жатқанымда, көшеде бір қазақ таксист кездесті. Жағдайымды айтып едім, апайымның үйіне дейін жеткізіп салды. Ертеңінде апайым мені ауылға алып кетті. Содан осындамын.



Ерболдың әкесі - Бейсен Алишынбеков

– Әй, Жәніс, бауырым, осы айтқаның шын болса, онда мен сені фотоға түсіріп алайын. Айтқандарыңды жазып бер. Комиссияға кел. Оқуыңды қайта жалғастыруға көмектесеміз.
– Қойыңыз, ағасы. Осы көрген күнімізге зар боп қалармыз. Сотталып кетпей, аман қалғаныма шүкір. Тыныштық керек. КГБ онсыз да жиі мазалайды. Тек, сіздер байқастан жүрсің деп, ескертіп жатқаным ғой.

Бұл естігенімді жолда әріптестеріме жеткіздім. «Бәсе, кеңселерде бір маманның жоқтығында сыр бар екен ғой» деп, олар да таңырқаумен болды. Сол беті Еңбекшіге түс әлетінде барғанбыз. Ерболдың үйі ауылдың кіреберіс шетінде екен. Үйінде ересек жан жоқ. Аулада жүрген жасөспірім бала мандытып ештеңе айтпады. Есімі Ержан деді ме, ұмытыппын. «Ерболдың әкесі Мұқажан ата мен апамыз ертеректе қайтыс болған. Біз алыс туыстары боламыз. Үйін қарап отырмыз» дегені ғана есте. Баладан басқадай не сұрайсың? Күн ысып барады. Су сұрап іштік. Жан шақырған соң, маңайдағы екі-үш көршінің үйіне кіріп, жөн-жосық білейік дестік. Құдай-ау, «Көрші хақысы – Тәңір хақысы» деп, әншейінде шешенсіп жүретін жандар әп-сәтте пендеге айналып шыға келеді екен ғой. «Біз ештеңе білмейміз. Олармен араласпаймыз» деген суық сөзді естігенде, тас қабырғаға тірелгендей күй кештік. Одан әрі тұра берудің реті жоқ еді.



Студент Ербол жатақханада курстастарымен бірге

– Былай істейік, – деді Армиял осы Жаркенттің тумасы болған соң, тізгінді қолға алып. – Ләззаттың анасы тұратын Ақжазық ауылы осы арадан қашық емес. Ақыры келген соң, сол жаққа да барып қайтайық.

Алматыдағы Чайковский атындағы музыка училищесінің бірінші курс студенті, 1970 жылы 27 шілдеде дүниеге келген Ләззат Асанова да желтоқсанның бір құрбаны еді. Анықталатын тізімде ол да бар. Бірақ, Ақжазықтағы тірлігіміз де Көкталдағы жүрісімізбен шамалас болды. Үш әріптің тегеурінінен қатты қорқып қалған ел-жұрт бізді көре сала, айнала қашады. Кеңсеге, мектепке бас сұға алмадық. «Бөтен адамдарға рұқсат жоқ».

Бойындағы әлдебір үрейден арыла қоймаған Алтынай әпкеміздің өзі де Армиялдың «Біз Сізге сеніп келдік қой, тәте!» деп, қатты күйіне сөйлеген сөзінен кейін ғана, кездесуге әрең көнді. Оның өзінде де үйінде емес, мектеп кітапханасының бір бұрышында жолығыстық. Жастайынан жесір қалып, одан кейін де тағдырдың тауқыметін аз тартпаған, тұңғыш қызынан қапияда айырылып қалған бейкүнә ана әбден ширғып жүр екен. Біздің жұбату лебімізден кейін екі көзге ерік берді.

«Ләззатты КГБ жендеттері 25 желтоқсанда қолыма әкеліп тапсырды ғой. Бір күн бұрын көрші ауылда Ербол Сыпатаевтың сүйегін әкеліпті деп естідік. Ерболды «нашақор бұзақы», менің қызымды «суық қол ұрлықшы» деп, өсек-аяң таратып жіберіпті. Соған жұрт сенді. Үкіметтің адамдары айтып тұрған соң, қалай сенбейді? Ал, мен Алланы ауыма алып айтайыншы, өз қызымның ақ екеніне сенемін! Жүрегім сенеді! Жаныма қатты батқаны – 16 жастағы бейкүнә Ләззаттың жетісі мен қырына жайылған дастарханға ауылдастарымның бір де бірі келмеді ғой», – деп, қыстыға егілді. Көз жасы көл болды...

Әй, адамдар-ай, адамдар-ай, қандайсың! Ештеңені бөліп бермесен де, қиналған кезде, бір-бірін сүйейтін, жылы сөзбен жебейтін ата салтынан қалайша аттап кеттіңіздер екен?.. Жә, оны айтсақ, ұзап кетерміз.

Іштегі шерін бір тарқатып алған Алтынай әпкеміз әлгі айтқандарын қағазға түсіруден бас тартты. «Ой, апатай, сонша жерден келгенімізде, мұныңыз қалай?».

– Қинамандар мені, бауырлар. Желтоқсандық жастарды аяусыз жазалағандар әлі де билікте отыр, олардың Мұхтар Шаханов құрған комиссияға ақиқатты қазбалауға мүмкіндік беретініне сенбеймін.

Шынында да, Алтынай әпкеміздікі дұрыс болып шықты. Жоғарғы Кеңестің депутаттары желтоқсандық комиссияның қорытындысын халыққа жеткізбей, 1989 жылдың 14 қарашасында жылы жауып тастады. Ал, мен соның алдында ғана, 10 қараша күні «Қазақ әдебиеті» газетіне «Желтоқсан жаңғырықтары» атты белгілі мақаламды жариялап үлгерген едім. Сол жазбамда Ләззат пен Ербол туралы баспасөзде тұңғыш рет айтылды. Компартияның Орталық комитеті

«Ұлт араздығын қоздырушы мақала авторын жауапқа тарту қажет» деген қатаң нұсқау түсіріп, оған прокуратура қосылып, қым-қуыт қылмыстық іс қозғалғаны, көп уақыт әуре-сарсаңға түскенім жайлы газеттерге жаздым да.

Енді, сол Жаркентімізге қайта оралайық. Біздің екінші күнгі жүрісіміз де бос сенделіс болып шықты. Ауыл басшылары ұстатпайды. Ерболдың әке-шешесінің қайда екенін қанша жалынып сұрастырсақ та, кездескендердің ешқайсысы айтпайды. Көздеріне қарасаң, білетіні байқалып тұр, бірақ сұрағыңды естімеген адам сияқты мелшініп өте шығатынын қайтерсің. Сөйтіп, іздегеніміздің ұшығын таба алмадық, үмітіміз үзілді, ақиқаттың ауылы алыстай берді.

Өз халқын үрейде ұстаған кеңестік жүйенің қандай қатал тәртіпке бағындырылғанын, адамдардың бүкіл рухани болмысын қалай аяусыз басып, жаншығанын бүгінгі жастар біле бермейді ғой. Бейсен ағамыз бен Алтынай әпкеміздің өз балалары туралы ақиқатты дер кезінде айта алмағаны да сол үрейдің салдары. Олардың бір сәттік жасқаншақтығы ұзақ жылдар бойы өздерінің жолын бөгеді. Шындыққа жетудің шығалаң соқпағында екеуіне көзге көрінбейтін кедергілермен жеке-дара алысуларына тура келді.

Ал, біздің сол жолы іс-сапардан қоржынымыз бос оралғанына Мұхтар Шаханов қатты күйінді: «Қап, комиссияға екеуім де алып келулерің керек еді! Сөздеріңді өткізе алмайтын қандай адамсыңдар?» – деп, біраз сөгіп тастады. Оның үстіне, біз тап бір құдалыққа барып келгендей, комсомолдың Орталық комитеті қызметтік «Волганы» жеке бас мүддесіне пайдаланғаны үшін Мұқажанның жүйкесіне тиіп, байбалам көтеріп жатыр екен. Оған да түсінік жаздық. Іс-сапардағы көрген-білгенімізді толық хаттап, қағазға түсірдік.

Содан комиссия тарады, қолдағы бар материалдармен жұмыс қорытындыланды, әрқайсымыз өз қызмет орындарымызға оралдық. Бір күні, шамамен 1990 жылдың желтоқсан айының орта тұсында ғой деймін, «Қазақ әдебиетінің» редакциясына алпыстың үстіндегі, мығым денелі ақсақал бас сұқты. Күнге тотыққан жүзі ауылдан келгенін аңғартып тұр.

– Ассалаумағалейкүм, жоғарылатыңыз, – деп орындық ұсындым.

– Қарағым, мен өзінді арнайы іздеп келдім. Бейсен Алишынбеков деген ағаң боламын. Ерболдың әкесімін, – деді ол өте пәс үнмен. Өзінің кезінде ағаттау іс-әрекет жасағанын сезінген ақсақалға басқадай қатты сөз айтуға бата алмай, жөн-жосық қана сұрадым.

– Сонда неге қашқалақтадыңыз, аға? Шыныңызды айтыңызшы?

– Е-е, қалқам, менен не сұрайсың? Мен көрген құқайды сендер білмейсіңдер ғой. Екі империяның езгісінен өттім. Қытайда туып, жат жерде өстім. «Мәдени төңкеріс», «Ашылып сайрау» сияқты небір құйтұрқы

алапаттарды бастан кешірдік. 62-ші жылы үркінді елмен бірге сәбетке қашып келгенімде, мынандай күйге ұшырадық. КГБ дейтін зәр-зауһан адымымызды аштырмады ғой біздің. Өздерің келетіннің алдында әйелім мен бала-шағамды жан-жаққа таратып, басқа үйде ұстап отырды. Жағдайымызды түсінерсің, айналайын.

– Енді маған не үшін келіп отырсыз?

– Мұхтар Шахановқа жолықтыр. Ерболдың ақталуына көмектесіңдер...

– Ай, ақсақал-ай, «қолдарыңызды әрқашан мерзімінен кеш сермеп жүресіздер» ғой. Сіз сол кезде комиссияға келгеніңізде, бұлай сергелдеңге түспейтін едіңіз. Мен де «Ерболдың әкесі түйеші Мұқажан ақсақал...» деп нақак жазбайтын едім. Комиссияның материалында да «жетім бала» деп айтылып кетті. Оны қалай түзетеміз?

– Қайтейін, бауырым. Түлен тұртты ме, өз қағынан жеріген құландай адасқанымды Құдай өзі кешірсін. Өмірден ештеңе қызық көрмей кетті ғой, бейкүнә бала...

Ербол 1986 жылдың 9 желтоқсанында ауылына барып, сырқаттанып жүрген әке-шешесінің көңілін аулағысы келді ме екен: «Алла бұйырса, сіздерге, Жаңа жылға сыйлық ретінде келін әкелемін. Ал, келесі жылы оқуымды сырттай бөлімге ауыстырамын да, қастарыңызға келіп, өздеріңізге қарайласамын», – деп кетіпті.

Бірақ, бұл күткен қуанышқа ата-анасының қолдары жетпеді.

– Жарайды аға, шамамыз келгенше, көмектесейік.

Абырой болғанда, Мұқаң бірер жыл бұрынғы жайсыз жағдайды еске алмай, Бейсен ақсақалды жылы қарсы алды. Алдағы уақытта тағы бір комиссия құруға әрекет жасап отырғанын, сонда ақталмаған желтоқсандықтардың мәселесін қайта қозғайтынын айтып, қамқорлық жаның көңілін көтеріп қойды.

Сөйткен Ербол Сыпатаев 1991 жылы, Ләззат Асанова 1997 жылы ғана ақталды.



Кіші сержант Ербол Сыпатаев

Еңбекші орта мектебіне Е.Сыпатаевтың есімі берілді. Ал, 2008 жылдың 16 желтоқсанында бірін бірі тірісінде көрмеген, білмеген, бірақ о дүниеде рухы біріккен желтоқсандық қос өренге Панфилов аудандық Мәдениет үйінің алдында ескерткіш орнатылды. Бүгінде Ербол мен Ләззат бір ғана ауданның емес, тұтас еліміздің мақтанышына айналды.

...Осы әңгімені айтып бітіргенімде, кездесуге берілген өлшеулі уақыттың қалай өте шыққанын байқамай қалыппыз. Ұйып тындаған студент өрендерге жағалай көз салғанда аңғардым, кейбір қыздардың кірпігінде мөлдіреген жас іркіліп тұр екен...

Қайым-Мұнар ТӘБЕЕВ,
журналист-жазушы.
zhasalash.kz



КӨКӨЗЕК КЕЗЕҢ – КӨГІЛДІР

Келдің бе, көктемім көгілдір,
Кептердей көкке ұшты-ау көңіл бір.
Дүрия-дүние жаңғырып
Өрнегін өруде өмір-гүл.

Теріскей төнірек: сүрі қар
Мамырды көрмекке түрі бар.
Шырайлы шуақпен шомылған
Құба-жан қырларға қызығар.

Койнынан ақша бұлт түспеген,
Кеңістік көрікті құспенен.
Қанаттар сусылы керемет
Шерттеді керім күйі, күшті өлең.

Сәруар самала үрлеген
Тоң жібіп, тобылғы бүрлеген.
Қыраңға қаптады-ау нәурызек
Қыздардай бұрымы билеген.

Беу, көктем балбырап, бусандың,
Иісін жеткізіп жусанның...
Өмірдің көкөзек кезеңі -
Өзіңе өлердей құрсанмын.

ҰЛЫЛАРЫҢ ҮНДЕСТІГІ немесе

ТӨРТ АЛЫП ТУРАЛЫ ТӨРТТАҒАН

«Абай – қазақ поэзиясының
күн шуақты асқар биігі»
М.Әуезов

Әуағыннан айналдым шың бабамыз,
Сұлу сөзбен әрленсін жылнамаңыз.
Күпі киген қазақтың ақылманы,
Тау тұғырлы тұлғаныз – тұнған аңыз.

Жылжып аққан жылдардың сырғағын-ай,
Әуағыннан айналдым тұлғалым-ай.
Шыңғыстаудай шырайлы нар кейіпінді,
Бедерлеуге сөз таппай тұрғаным-ай.

Асып жатқан айбары айдан-дағы,
Қарас сөздің қағбасы – Пайғамбары.
Жаңа ғасыр көгіне қадам бастың,
Жұлдыздарды жиып ап жалғандағы.

Сен ұрпаққа салауат ғұмырыңыз,
Талайларға нәр берді тұнығыңыз.
Күпі киген қазақтың ақылманы,
Бара жатыр биіктеп тұғырыңыз!

-II-

«Жамбыл – ақыл ойдың алғыры»
М.Әуезов.

Көп ойдың көкке ұшырған көбелегін,
Ғаламат ғасырынның Гомері едің.
Толағай шабытыңды тоқсандағы,
Жүзімен жыр-жауһардың шегеледің.

Жамбылым – алдиярым, жыр – Абызым,
Өнердің әлділеген Муза – қызым.
Кавказда қас сұлуға ғашық бопсың
Осылай дейді өткеннен бір аңызың.

Тәңірдің берген сыйы тасын, баба,
Жатпайды қын түбінде асыл ғана.
Сұлуға сұқтана алмай жүргендер көп,
Желікті жиырма бестей жасында да.

Сұлулық сәрі, Сізді сұқтандырды,
Қамығар қарт емессіз құшқан мұңды,
Үш емес үш жүз ғасыр иінінде,
Бере алмас бұл дүние үш Жамбылды!

-III-

«М.Әуезов – Қазақстан үшін екінші Абай»
Н.Погодин.

Қара сөздің шыға біткен Шынары,
Мәйекті тіл, кестелі ойдың бұлағы.
Шындық-сырдың шымырлаған шуағы,
Тегі бөлек тектілердің тұяғы.

Саралы ойлы суреткердің санлағы,
«Қалың елдің бетке шыққан қаймағы».

Құсайын БЕЙСЕБАЙ:

Қанатын күміс шуақ қырға жайып,

Дүрия дүниеңіз бір ғажайып...

Тағдыр-тезге иілмеген шар-болат
Алаш жұрттың ай мүйізді ардағы.

Сан тарапқа кеткен дара дүбірі,
Жұлдызы өшпес шырқаудағы шын ұлы,
Заманынан оза туған заңғар ол
Ардақ тұтар асылдардың сынығы.

Сирек болар жалт ойнатар жасын да,
Туа бермес мұндай тұлға ғасырда.
Ұлтым барда ұмытылмас Әуезов,
Шаң жұқпайды алмас қырлы асылға!

-IV-

«Қасым деген қалғыған жанартау ғой
Жанартау ғой – жанды да кетті өртеніп».
М.Мақатаев.

Көз тартып көркі көшелі,
Дауылпаз жырың еседі.
Ақынға ие өзіңдей,
Қазақтың бағы бес елі!

Алаулап өтті жыр – құйын,
Түсіну оны шын қиын.
Тартылып жатыр бүгінде,
«Тартылмай кеткен бір күйін».

...Жасыны тауға сүйкеніп,
Барады көкте бұлт өріп.
Үндесе түсіп сол көкпен
Домбыраң тұр ғой күйі төгіп...

Өмірмен мына иіндес,
Тәуелсіз болды бүгін көш:
Қазағың бар да беу, Қасым,
Дауылпаз жырың үзілмес!

Бастау, көздерін жүлгелі жырақтан алып,
Күн батар тұсты шұғылалы шуаққа малып
Өртеңге біткен шөптей боп Өсегім жатыр.
Шекені соғар суығын ұнатқан халық...

Күн сайын сүйіп күмістей құмды жағаны,
Өрекіп, таспай Өсегім құмбыл ағады.
Тереңде жатқан түймедей тасты көресің
Жалбызын өрген жағалау-құндыз жағалы.

Ағысың майда - алдымнан ашылған арман,
Ауылдан шыққан арулар шашын да малған.
Бір ұрттам суын текті ұрпақ тәу етіп өтті,
Асыл мұра қып күмбірлі ғасырдан қалған.

ШҰҒЫНЫҚ ГҮЛ ЕҢ ШЫҢДАҒЫ

(Ж.Жақыпбаевтың рухына)

Таныдың ба екен таныс ән шырқаған мені,
Бір табан әрі аулақтап, бір табан бері
Жақындап келіп сынаптай сырғыдың кенет,
Көз жазып қалдым, астың ба қырақанд кері?!
Жайымды мына жария етем құмығып кімге:
Қырақанд астың көйлегің құбылып күнге.
Әрі де-сәрі күй кештім жоғалтып алып,
Тенеңім сосын бейненді шұғынық гүлге!

Көңілсіз, мәңсіз күй кештім, бозарып мүлдем,
Саудагер сынды базарға бөз алып кірген.
Шам жағар кешкі шамада шаң беріп қалар,
Жауаңдап тұрмын жол қарап: жоғалып күймей!..

Жоғалды күйем: бағалы бұйымы көп-ті,
Ханда да болмас тіреген тұғыры көкті.
Жоғалттым және дәрілік зәмзәмнің суын -
Ғажайып нұрға бөлеген тұнығы бетті!

Зәмзәмнің суын жоғалттым таппаған дәмін,
Мақамы бөлек жоғалды мақтаған әнім.
Көз жазып қалдым көрікті шұғынық гүлден,
Қасида – өлең жоғалды жаттаған бәрің!

Шұғынық гүлім жоғалды, көргенің бар ма-
Кілемдей еді кір жұқпас өрнегі майда.
Қол жетпес жерге тұрақтап қалды ма деумен,
Шыңға да шықтың оралған белдеуі қарға.

Жоғалды ақын, жоғалды қасида-өлең,
Бір рет келер ғұмырға асыл да кенен!
Періште болып кетті ме бейішке барып,
Жақсы ағам менің жоғалмас, қасымда деп ем.

Ханыңа лайық қара еді ол-балдағы берен,
Арзанға түспес алтынның салмағы деген.
Жалғанда мынау жұмбақтау Жұматай жүр,-деп,
Естіген, көрген адамға байғазы берем!

ЖАМАНБҰЛАҚ

Арындаған екпінін де баса алмай,
Жолдарында бүктетіліп, тас аунай.
Тау бұлағы ағып жатыр бұрқырап
Тізгініне ырық бермес асаудай!

Толқын атын көпіршіген ақ көбік,
Құламалы қойнауларға жатты еніп.
Сәуір туа болып алған ашулы,
Қойгастарды жіберердей қақ бөліп.

Арулардың бұрымындай тарқатып,
Көпіршігін жатқан кезде қайта атып.
Толқынынан көп емес-ау бір жұтым,
Ішсең болды таңдайыңа бал татып!

Көпті көрген қариялар кешегі,
Бұл бұлақты – «Жаманбұлақ» деседі.
Көзге күйік болатын сөз жамамай –
Затына сай атын қойса не етеді?!

БАЛҚАЙМАҚ ДӘУРЕН – ДҮНИЕ

Тырналар ұшты, тыраулап тізіліп көкте,
Көгегін үзді-ау қозы-лақ жүгіріп бетке...
Көзайым болып күн сайын көзімде жүрші,
Балқаймақ дәурен-дүние, бұзылып кетпе!

Балқаймақ дәурен-дүние, базары – думан,
Жасаурап тұр ма жақұтты жанарың нұрдан?
Күйге де толы кеудесі жырау боп тұрсын,
Қасиетті қара қобыздың шынағын ұрған!

Ертелі-кешті елемей елге сыр ашқан,
Домбыра-далам сен үшін пернесін басқан.
Көңіл-терезе мұң-шаңнан арылып мүлдем,
Жаңбырын төгіп жанымға желдесін аспан!

Балқаймақ дәурен-дүние, ғұмыры – жасыл,
Келер күндерге келісті тұғырыңды асыр.
Шулыған мына тіршілік шуаққа бексін,
Құлпыра күннің сәулесі құйылып асып.

Құлпыра-күнім күлімдеп тұрсын көгімде,
Үзбей де бағып жер-жүрек дүрсілдерін де...
Ұқсап та кетем, дүние, ұдайы саған –
Көп ойдан қашып көңіліңіз күрсінгенімде.

Балқаймақ дәурен-дүние бағың баянды,
Ертеңгі күнге үйреттің көміл қарауды.
Бас қосқан жерде ыңылдап айтып қояды -
Жастармен бірге қарттар да «Әгу-ғай» әнді.

Осы әннің сұлу, мақамы тынбасын мүлдем,
Тыныштық әнін талай жан тыңдасын деп ем:
Күйтабақ болып әуенін қайталап жиі-
Кұбылып тұрды алдымда қыр жасыл киген!

Бесікте жатқан бөбектің күлкісі қандай,
Бұзылып кетіп жүрмесін ұйқысы балдай.
Онсыз да келте ғұмырын өткізсін Адам.
Қайраулы қырық пышақтай қырқысып алмай.

Үлкен де, кіші осынау тілекте дәйім,
Жүгіне берме жұдырық, білекке бәрің.
Тынымсыз тулап жер-жүрек тұрсыншы аман,
Ауыра қалса жүрмейді жүрекке дәрің!

ҚАЛҒЫМА ҚАЗАҒЫМ

(толғау)

-I-

Өзіңе арнап жазамын.
Қалғымашы қазағым,
Мендегі шер – шекердей,
Мендегі мұң – таза мұң.

Айтар болсақ төрелік.
Қай жұртыңнан кем едік!
Бетегеден сәл биік.
Қойдан жуас ел едік.

Залалы жоқ кімге де.
Жұрағат ек біз көне
Жаны – жомарт, қолы – ашық,
Көршісі көп іргеде.

Қиыр жайлап бір шетте,
Көшіп-қонып жүресек те,
Жоғалтпаған дәстүрін,
Ақ ниетін күлсепкте.

-II-

Көнбіс едік іске де,
Зәру емес күшке де,

Ойларымыз – терең-ді.
Қолдарымыз шебер-ді.

Салиқалы, салмақты,
Жұрағат ек жан-жақты.
Тайғағы көп тар жолда,
Тағдыр талай аунатты.

Көнбіс едік неге де,
Біздей болмас шеге де!
Денемізді қалқан қып,
Қарсы қойдық жебеге.

Тулақтай боп иелендік,
Бірақ басты имедік.
Көшіп-қондық сонда да,
Бұзылмады ірге нық.

-III-

Қыл қобызы – таза мұң,
Домбырасы – ғажап үн,
Ат үстінде күн көрген,
Құламады қазағым!

Не көрмеді қазағым,
Соның мұңын шағамын.
Қоржының боп қалыспай,
Бірге жүрді-ау азабың.

Көше бердің тоқтаусыз,
Өңмендерден өтті-ау сыз.
Ел деп туған талай ер,
Кете барды жоқтаусыз.

-IV-

Аштық деген бір залым,
Қатты салды тырнағын.
Теріп жеген дөңге де,
Тойынбайды бұл қарын...

Жүректері қарайған,
Құлап жатты талай жан,
Тіске басар талғажау,
Табылмады маңайдан...

Қосылмалы тілектер,
Соқпай қалды жүректер,
Тезектей боп шашылды,
Қурап, қаңсып сүйектер.

Кімге шағам мұңымды,
Талай қазақ қырылды.
Шашырап жүр тарыдай,
Ұрпақтары бүгінгі.

-V-

Не көрмеді бұл қазақ!
Бірге ілесіп жүрді азап.
Ел еңсесін көтерген.
Күндер туды бір «ғажап».

Бермек болып «қолұшын»,
«Құшақ ашты» орысың.
Жылы-жұмсақ тіл қатып,
Алды жаулап қонысың.

Айырбастап алтынға,
Ала келді салтын да.
Өз дегенін үйретті,
Қалса деп сөз қалпында.

Елді бұзу – ұғымы,
Келді небір ырымы.
Ала келді арағын,
Бірге ілесіп шылымы.

Көбі айналып көшеге,
Шала орыс боп кетсе де,
Өсіп-өнді бұл қазақ,
Болмағандай ештеңе.

Ащы мұңды сімірдік,
Аш күзендей бүгілдік,
Бөлшектендік, бүліндік.
Морт сынбадың, иілдік.

-VI-

Осы ма енді күткені,
Ел еңсесін тіктеді,
«Мың өліп, мың тірілген»,-
Бұл қазағым мықты еді.

Бөле-жармай бөтенді,
Ел еңсесін көтерді,
Іргелі бір халық боп,
Таңырқатты шет елді.

Енді кімдер танымас,
Жүзі-жаркың, жаны-жаз,
Ұлы кеште қазақтың
Мінген аты арымас.

Қыл қобыз – таза мұң,
Домбырасы – ғажап үн.
Астыңдағы тұлпардан,
Құлай көрме қазағым!

КҮМІС БІЛЕЗІК СЫРЫ

– Шығарайын өзіне сыр ұшығын,
Ой көзімен қабылдап дұрыс ұғын.
Таза ғана күмістен қорытқан-ды,
Қас шебері суандар ұлысының.

Қырық бес жыл тағылды білегіме,
Жақындығы жат емес сүйегіме.
Аманат қып тапсырған әжемідің,
Орындалып келеді тілегі де.

Қырық беске қос тағы сексендің,
(Шешеміңнің жасы да ескерілді).
Кейуанның білегін сәнге бөлеп,
Бұл білезік көлікті көшке мінді.

Енді ала бер түгендеп есебін де,
Әжеміден көшіпті шешемізге.
190 жыл жасаған жәдігерді,
Сат деп отыр саудагер кеше бізге

Мәңгірт пе әлде білмедім әңгідік пе?
Салып қойды-ау санамды сан күдікке.
Аманат қып қызыма табыстармын,
Сактай жүрсін тұмардай мәңгілікке.

Осылай деп, әпкеміз сыр ұқтырды
Көкейінде көгеріп үміт түрлі
Сәтін салса тағы жүз жасармын деп,
Білегінде білезік күліп тұрды.

КҮЗ ДЕ КЕЛДІ САРЫ ЖЕЛЕГІН ТАҒЫНЫП...

*(Әдебиет әлеміндегі әдемі
ұстаздарымызның бірі Тұрған
Тазабекке)*

Тамсай ішкен тұма бұлақ тұнығын,
Кілт үзілді-ау кереметтей ғұмырын.
Ақын мінез абзал жан ең аулы -
Биіктеткен іргелі іспен тұғырын.

Күз де келді сары желегін тағынып,
Өтіп жатыр керуен – күндер ағылып...
Бейіш жаққа ұшып кеткен бейненді
Біздер жүрміз жиі-жиі сағынып.

Ерттеп мініп шоң шабыттың күлігін
Шағушы едің әдебиет жілігін,
Лебізіңе ынтық болды ақындар
Пегас - жырдың Сенен ұғып дүбірін.

Анда-санда көрсетіп қап төбесін,
Орта жолда ұмытылды көп есім
Бірақ Сенің жазғандарың жылнама –
Мәңгі өлмейді «Ләйлә» аттас повесің!

Кірпияз ең кір жұқтырмас киелі,
Сүмбіл жырдан сырға таққан жүрегі.
Бәрімізге Белинский – ұстаз ең
Талғамды жұрт талантыңды сүйеді.

Жақсы көрген сыйласымды інің ем,
Әлі күнге құдіретіңе жүгінем:
Келісті бір керуен жолға шығардың,
Содан болар, Аркас таудай биік ең.

Өтіп жатыр өтпелі өмір – күніміз,
Пәруаналы пенденіздің бірі – біз.
Есіміңді ұмытпайды жас ұрпақ,
Пейіште де шалки берсін нұрыңыз!

АУЫЛ ДЕП БҮЛ КӨҢІЛ ДЕ АЛАҢДАУЛЫ

Жөн көрдім өлеңмен ой бағамдауды,
Ауыл деп бұл көңілің алаңдаулы.
Көз жазып көптен бері қалып едім,
Шүлені шапағаттың маған да ауды.

Ауыл деп, емінемін, елеңдеймін,
Тектен тек өтпесін деп көбен кей күн.
Шығанның шабыт мінген шайыры көп,
Қолына қалам алып менен кейін.

Тадам да көңіл хошын, жан самалын,
Ауыл деп тілді безеп, ән саламын.
Бұл кезде көңіл тіптен көтеріңкі,
Шалғайға орала алмас шаршаған мұң.

Көлбеген көбелектей шоқты айналып,
Ауыл деп алаң ойым тоқтайды анық.
Шып-шырға шаруасы бар шағын мекен,
Көзіме басылады оттай болып.

Босағасы берік те, бүтін ірге,
Ырысы мен береке - құты бірге.
Мәз боламыз, балаша қуанамыз –
Түзу шықса ауылдың түтіні де.

Жоғалтпаған дәстүрін әлі күнге,
Ошағы ортақ, ауылдың дәмі бірге.
Тәңірдің де тартылған сыйы болар,
Қара қазан, қара су бәрімізге.

Өзгелерге ұқсамас ой қуғаны,
Таң атқанша тарқамас той-думаны.
Ауылдағы бұл жұрттың бәріне ортақ –
Шілде – аптабы, қаңтардың –
тоңдырғаны.

Жоғын алып жүретін, барды ұсына,
Ортақ бізге қуаныш, қайғысы да.
Малға салар шүйгін де, шөбі де ортақ.
Ілігетін шыңдаулы шалға ұшына.

Ортақ – мекен, ортақ – үй, ортақ – бәрі.
Ең аяғы сұрлеу мен соқпақтары.
Адамдарды ауылдан айырмасын –
Айырса егер қалады тоқтап қаны...

БІЗДІҢ АУЫЛ ҚАРТТАРЫ

Жүйріктейін елегізген дүбірге,
Ойлы көзбен өткенді әкеп бүгінге.
Отыратын біздің ауыл қарттары,
Малдас құрған мамыражай күйінде.

Топ құрап ап бір төбеде алкалы,
Таудың жырын, судың сырын айтады.
Тәтті үмітпен елжірей де еске алар,
Темір үзген жігіт шағын арқалы.

Шипа судың тізер еді нешесін,
Шөп түрі де осы маңда өсетін.
Отыратын: «күм суырған далаңа
Қарағайдың әкелдік деп көшетін».

Құрдастың да қалған болса сыры ұнап,
Көңіл демдеп былай дер-ді бір уақ:
«Ақсу, Көксу арынды ғой, ал, енді
Бұл Өсектің ерке суы тұнық-ақ»...

Енді бірі ойын түйер білікті:
«Таңдаған-ау жер бедерін, биікті,
Қорым-қорым текшеленген тасты да
Үйгентастың беліне әкеп үйіпті».

Құлағымда жазық болмас естіген,
Қабанбайдың бейігі деп естіп ем.
Көзі болып күмбірлеген көненің,
Келе жатқан бір ақиқат ескіден...

Осылай деп тұра кесіп байламың,
Қыран көзбен шола қарап жан-жағын.
Отыратын құптар деген ниетте,
Өз ойының елең, екшеп салмағын.

Енді бір Баркөрнеудің биігін,
Енді бірі Орбұлақтың иінін.
Түстеп, жіктеп берер болса жіліктеп,
Әңгімесін әрмен созып күн ұзын.

Осылайша судың сырын, тау жырын,
Шежіредей жіпке тізіп барлығын.
Болғаннан соң көтерілер төбеден,
Бір-біріне тілеп деннің саулығын.

Көне көздер айтпас дерсін бекерге,
Әлімсақтан әр әңгімен жетер де.
Аңыз сынды ақиқаттың саны аз ба,
Құлақ түрсең сыр ғып шертер осы
елде?!

Шоғындай маздап жанған жыр алаудың,
Шырайың шұғылалы Шыған ауылым.
Өсектің тұнған тынық ағысындай,
Қоңырлау тірлігінді сұрамау мұң.

Медеу ғып мәні бөлек мұрағатты,
Сан ұрпақ өсіп жатыр ұлағатты.
Бақытын тапты және бауыр басып,
Жыр құсы әр шатырға ұялапты.

Ұялап көгершіндей әр шатырға,
Қанатын қақты мұнда қанша тұлға.
Негізі нәрлі жерден болмағасын,
Қонбайды өрісті өнер айтақырға.

«Ақындар ауылы» деп дәріптеген,
Шығыңға шырай беріп дарыпты өлең.
Солардың талабы мен таланты да,
Бәрі де бастау алған әліппеден.

Тізгіндеп ақ желкенді жыр – кемені,
Газеттің бетін бермес күнде өлеңі.
Аудың ақыны көп бұл ауыл да,
Гүлденсе – ақынымен гүлденеді.

КӨКПАР

Туды дүбір құлақты тұндырардай,
Тұрды дейсіз осы сәт кім қуанбай?
Мың-сан тұяқ дүбірлеп өте шықты,
Әлсіздікті қақ бөліп сындырардай.

- Әкетті әне, көкпарды қасқа торы.
- Өттеген-ай, басты озып басқа торы!
Жазира жер қикумен жатыр көшіп,
Ақбоз аттың көздері жасқа толы.

Көкпар осы, дүбірге толы әмәнде,
Шектелмейді жыртылған орамалға
Лақ түсірген астына ат мінеді,
Қазағымның сәйгүлік қолы аманда.

КҮЙСАНДЫҚ – КӨҢІЛ

Не көрдім, не бітірдім, бұл жасымда?
Күйсандық – көңілім-ау, сыр жасырма.
Мінезі ақындардың алабөтен,
Көрейін түсіндіріп құрдасыма.

Көзге еленер дүние бітірмедім,
Көп екен көлгір сөйлеп, күпінгенім.
Шабыттың шылбырына қолды создым –
Жүректің енді аңғарып лүпіл-демін.

Көп бопты қолға қалам алмағалы,
Ауылдың өңіріне бармағалы.



Оралған жасыл желек шалғайына,
Ұмытып кеткендеймін жар-қаланы.

Айдыңға алып шықпай жыр-кемені,
Көп бопты көрікті ойды тізбегелі.
Жатқан жоқ баспалар да құрақ ұшып,
Болар деп ақыр түбі бір дерегі.

Бәрін де дүниенің ұмыттым-ау,
Сағыныш бүтін емес, қырық құрау.
Ақындық алақұйын менезім де
Ұнаса саған ұнар, сүйіктім-ау?

Көп ойлар – көлбеу қаққан көбелегім,
Солармен шаттық күйге бөленемін.
Бәріне-ақ белді буып көнер едім,
Көкейге қонып жатса көп өлеңім.

ТУҒАН ҮЙ – ТАЛ БЕСІГІМ

Арқалап кеп үмігін, көп тілеуін
Күндерім керуен тартып өтті менің.
Қуанышы, өзіндік мұңы да бар,
Туған үйім – табиғат деп білемін.

Іздеген жандай болып жоқ бұйымды,
Табиғат, сенде өткізем көп күнімді.
Айнымай алдан шығып қарсы алады.
Шоқ гүлдер көлбеу қағып көк
бұрымды.

Малынып шұрайы мол шуақпенен,
Кілемін кеңге жайса қырат, белең.
Жалбыздың тоя жұттып жұпарынан,
Жарысқа түсем жүйрік бұлақпенен.

Желкені желбіреген жер кемелі,
Табиғат – тал бесігім, тербе мені.
Барайын өзек жаққа екпіндете,
Көп болды-ау сұлулықты көрмегелі.

Алаулап атар кезде бұйығы ақ таң,
Барайын өзеніме тұнып аққан.
Шолпысын сылдыраған суға малып,
Көз тіксін құдаша қыз үйі жақтан.

Мекен қып бауыр басқан, қырды,
ауылды,
Көресің қызыл қанат қырғауылды.
Қызықты көре жүріп сезінесің,
Табиғат аясында туғаныңды.

Көңілді күй шертеді төңірегім,
Көбірек көк толқынға көмілемін.

Табиғат – тал бесігім тербетеді –
Қадірлі, неткен ғажап өмір едің!...

Келіп ек қоңыртобел күйі кешіп,
Қайда да бір қуаныш жүрді ілесіп.
Үш гүлім – үш қызымды тербеп өскен –
Қайтадан қолға алынды сырлы бесік.

Шаттықтың шапағаты нұры сіңген,
Сезіліп бір жылылық үй ішінен.
Мас болам ішпей-жемей сенсеңіздер,
Сәби мен жасыл арша иісінен.

Тал бесік енді міне, ән салады,
Бақыттың басқа теуіп бал шарабы.
Бөлмеге бар жұпарын себеді-ай кеп
Алыстан әкелінген арша дағы.

Ауылдың көпті көрген шешелері,
Бесікке арша алдырып, төсеп еді.
Көненен келе жатқан ырым етіп,
Ұрпағым көгертсін деп көсегімді.

Білмеймін бұл көсегем көгере ме,
Көпшілік көрсеткен-ді көп өнеге.
Алатаулық аршаның иісі сіңген –
Тал бесік жетсе деймін немереме!

ҰРШЫҚ

Перғауындар табынар піл сүйегі,
Болмаса да қадірін білсін елі.

**ҚҰДАША ҚЫЗ,
ҚҰБА ҚЫЗ**

Қасы, көзі қиылған құдаша қыз,
Қолқа слаар жайым бар ұнасамыз.
Жіні жауған жұлдызды түн жамылып,
Қаласаңыз қоңыр бел қыр асамыз.

Ынтық көзбен қиыла қарасамыз,
Бірімізге-біріміз жарасамыз.
Ауыл сырты. Оңаша отырып ап,
Басқа қонған бақытқа бал ашамыз.

Нәзік сезім әредік тайғанақтап,
Төбемізден төнеді ай қарап қап.
Жер бауырлап ылдидан жеткен тұман,
Айналып жүр біздерді қалбалақтап.

Тұрса-дағы көңілдің тасып әні,
Қолым тиіп көрген жоқ шашына әлі
Ем таба алмай еңтіккен екеумізді,
Қою тұман сырт көзден жасырады.

Сезімді серіппе керек етпей,
Қеуде тұсың керіліп кереметтей,
Тоғыз балдық толқынмен дірілдейді,
Гүлге қонған көк қанат көбелектей.

Көкке ұшып кетпес деп көбелегім,
Ынтықсам да қол созбай бөгелемін...
Билеп кетті-ау бойымды соқыр сезім,
Ақыр түбі білмеймін не берерін?

Құдаша қыз, құба қыз керік қасты,
Төзім сынды. Кеудемді желік басты.
...Көк шалғынға көсіліп құлай бердік,
Бойдағы қан балқыды, еріп тасты.

Есімде жоқ содан соң арғы жағы...
Шығыс жақтан көрінді таң құлағы.
Көк шалғынның үстінде кісінеп тұр,
Шабытымның шау тартпас арғымағы.

**ҚАЗАҚТЫҢ АҚЫНЫСЫЗ
ҚОҢЫР ҮНДІ**

(Әбен Дәуренбекке)

Қоңыр тірлік. Қоңыр ән. Қоңыр бояу,
Күнестегі күлгін түс көңіл де ояу.
Ақынысыз қазақтың қоңыр үнді,
Қоңыр түсте қоңыржай өмір бар-ау?!

Қоңыр бояу сезілер ғұмырдан да,
Қырандайсыз қалғымас тұғыр барда.
Қоңыр оймен тербеліп отырсыз,
Қоңыр өлең жауын боп құйылғанда.

Жиі-жиі не жетсін жүздесуге,
Жүйрігіңіз жаңылмас жыр кешінде.
Ақындардың санаулы саныңдасыз,
Еңшліеген «АҚҚҰС»-тың жұлдесінде.

Шабысына дүйім ел таңданады,
Тұяғынан тұлпардың шаң қалады.
Жұлдызына жырдағы биігінде,
Жеңілдеп көрмен салмағы әлі.

Топыраққа құнарлы гүл өседі,
Қоңыр кеште қоңырлау күй еседі.
Күміс күйге бөлеген бәрімізді,
Сарқылмасын жақсы аға, жыр Өсегі!

**ҚЫЗЫҒА КӨЗ ТІГЕСІҢ БҮЛ
ҒАЛАМҒА**

Кенейтп тар босаға, тар іргемді,
Мамырлап мама қаздай мамыр келді.
Мықының мың бұралта билеп берер,
Жамылып ақ шарқатын қайыңда енді.

Күн шықпай көгіс әлем күлбеттнер,
Аспанда ақ моншақ бұлт тізбектелер.
Қияннан құлап жеткен құс керуенін,
Тырнарлар тыраулаған сүйреп келер.

...Жан бітіп көзі ашылған жылғаларға,
Жүрісін жалғап алар жүз қадамға.
Жасауын жайып жатқан жалаулатып,
Қызыға кө тігесің бұл ғаламға!

Кісінеп күмбір-күмбір күй кенері,
Табиғат таңғайып түрге енеді.
...Бейуақытта боза ішкен бозбаладай,
Бозарып бозқарағай бүрленеді.

Қанатын күміс шуақ қырға жайып,
Дүрия дүниеңіз бір ғажайып,
Күйімен көңілді күмбірлетер -
Кеуденді кереметтей нұрға малып...

Сүйкімді сүмбілелі сырға қанып,
Түрленіп төрткүл дүние тұрғаны анық.
Жылытып тоны қатқан жүрекерді -
Мамырым келді міне, мың қаралық!

Жасырақ кезімізде айналамыздағы үлкендердің айтып жатқан әңгімелеріне құлақ қойып тындап жүргенімізбен ой тезіне салып, астарына үңіліп бір досымның «мұның да мәнақасы бар» деп айтқанындай мәніне терең бойлай қоймаппыз. Аяғымның созылмалы сырқатқа шалдығуына байланысты ауруды асқындырып алмас үшін жетпіс үшінші жылдың сәуір айынан бері осы уақытқа дейін ауруханаға жиірек жатып шығуыма тура келіп жүр.

Шамасы 1986-87 жылдар да ғой деймін. Жаркенттің желкесіне орналасқан Тұрпан (қазақша атауы Қоңырқойнау) ауылынан келген Кенжебек деген ақсақалмен 15 күндей бір палатада жатып емделдім. Жылы жүзді, көпшілікті өзіне әп-сәтте үйіріп алатын, өткен-кеткен дүниелерді көп көрген ақсақал өзі сөзге сондай шебер, әңгімешіл, жан-жақты еді. Арнайы сабақ алып діни оқу бітіргендігі, білімді молдалардың қатарынан екендігі көрініп тұратын (менің пікірімше). Өзінің айтуы бойынша сол жылдардағы атақтары алысқа кеткен Әпірейім, Токпай сияқты молдалармен бірге, Суанның талай азаматының сауатын ашып, жаңа дүниеге жол сілтеген ақын әрі арабшаға өте жүйрік Әбіләкім молданың алдын көріп, дәріс алған. Үшеуі сыныптас болып бірге оқыған. Әбіләкім молда өз заманының бетке шығарларының арасындағы озық ойлы, өте білімді, ақын, ауыз әдебиетінен хабары мол, батыс-шығыстың бәйіттерін жатқа айтатын адамдарының бірі болған екен. Тақырыбы адам өмірінің алуан түрлі қырларын қамтытын Кенжебек ақсақалдың кешкілік айтатын әңгімелері де өте қызықты болушы еді. Арасында өткір әзілдерін мысқыл араластырып қойып жібергенде, әлгі оқиға әңгіме шығарына өзі сұранып тұратын. Мені барлай қарап жүріп «мұғалім бала» атап кетті. Ақсақалдың өз басынан нешеме түрлі қызық оқиғалар өткергенін айтқан әңгімелеріне қарай білген бір палатада жатқандарымыз құлқымызды салып қызға тындап, ол кісіге әңгіменің ұшын ұстатып қоятынбыз.

Суан руының ішіндегі Сатай атасынан тарайтын, өз тұстастарынан оқ бойы озық шыққан Мұқа болысқа атқосшы болып жүргендегі мына бір әңгімесі қызықтылығымен қоса әрі өнеге аралық болып көрінді. Ақсақалдың сол бір өткен кезеңдегі оқиғаны еске алып, әлі күнге дейін ұмытпай жүргеніне қарағанда бұдан былайғы өміріне себі тиіп, тіршілігінің тынышын кетірмейтін сабақ алған сияқты. Мұқа болыс бұралаң жолдарда жүріп, көкейіне көп нәрсені тоқыған, білімді, қаталдау мінезімен елді аузына қаратқан адам болса керек. Кенжебек ағамыз атқосшы болып жүрген шағында Мұқа болыс 30 жаста болған сияқты. Ендігі әңгімені Кенжебек ағамыз атынан айтайын.

«Атқосшы бола жүріп болыстың ауылымен, ағайын-туғандарымен тағы басқа да адамдармен аралас-құралас болып кеттім. Болыстың ауыл арасында мінетін атын таң алауымын тұрып жайылымнан әкеліп, жал-құйрығын тазалап ертеп мамашка байлап қойып, өзім қараша үйлердің біріне кіріп оразамды ашып, қандай пәрмен беретінін күтіп отыратынмын. Болыстың ел шетіне шығардағы белді мініс аттары да ауылдан ұзатылмай тай шаптырым жердегі жайылымда бағылатынды. Күнделікті атқаратын үйреншікті шаруамды болыстың қас-қабағының қағысынан-ақ екі айтқызбай уақытында тап-тұйнақтай етіп, жайғап тастап жүрген соң менің тарапыма ол кісіден елеулі сөз шықпайтын. Сыйластықпен күн кеше жүріп болыстың бір баласымен өте жақын, қан-жынымыз араласқан, сыйлас, жолдас болып кеттім. Әзіл-қалжыңымыз жарасып, түрлі жындыларға, ойын-сауықтарға, той-томалақтарға дуылдасып бірге баратынбыз. Әлгі жолдасымның әйелі де ашық мінезді, қалжыңбас болатын. Зәуімен, үйлеріне бара қалсам әй-шәйге қарамай бас салып алысып-жұлысып ойнап есімді шығаратын. Бір күні жолдасымды іздеп үйіне барып кіріп едім, өзі үйінде жоқ екен, әлгі құрған қатыны бас салды. Мені көре жабысып, құшағына қысып бұлқынуға шамамды келтірмей тұрғанда, қайдан шыққанын білмеймін саятандай сап етіп жолдасымның кіріп келмесі бар ма? Ойымызда ешқандай арамдықтың ізі болмаса да сырттай қараған адамға мына құшақтасып тұрысымыз өрескел көрінуі әбден мүмкін еді. Жолдасым қалт етіп үндемей тұрып қалды да айналды тездетте басып далаға шығып кетті. Ізінше мен де жүгіре шықтым. Алды-артына қарамай аршындай қадамдаған ол ұзап кетіпті. Айналған жерін ауыл емес пе, бір-екі күннен кейін үй арасында жолымыз қиықанда үн-түңсіз өте кетті. Өлімнен ұят күшті, бірдене айтуға дөтім бармады. Содан не керек екі арада ештеңе болмағандай бұрынғысынан аралас-құралас жүре бердім. Күндер өтіп жатты. Ол мүлде ештеңе демеген соң мен де ұмыта бастадым.

Қыс қамыңды жазда ойла деген емес пе. Ол кезде бүкіл ауыл болып малға қажетті жоңышқаны жазда шабатынбыз. Жоңышқа шабуға барар кезде жігіттер алдын ала өздерін дайындап, шалғы-қайрақтарын, оған қажетті керек-жарактарын сайлап, отауларда ет асылып, қымыз, қымыранын құйып мерекелік көңіл-күйге түсуші еді. Межелі шабыс орнына жеткеннен кейін жігіттер қатар-қатар сапка тұрғандай болып бірінің-артынан бірі солға түсіп сілтегенде шалғылары күнге айбалтадай шағылысып, жарқ-жүрк етіп, балғын жоңышқаға тиген лыпып тұрған ұстарандай жүзінен сырылданған керемет дыбыс шығатын. Дабырласа келіп



жоңышқаға шалғы салып жатқанымызда, менің соңымнан ала шалғысын сығымдай ұстап әлгі жолдасым түскен болатын. Тіз қатар тырнаның тобындай тіркелген, сайдың тасындай жігіттер шабындықтың шетін еңсере кірді. Көлеңкесінен байқап келемін жолдасым үнсіз шалғыны күшпен тартып, бірте-бірте екпінін жылдамдатып маған жақындап келеді. Неге екенін білмеймін осы сәтте мені іштей бір қорқыныш сезімі билеп алды. Қола-аяғым қозғалмайтындай, өзімді демім бітіп шарасыз күйге түсіп қалғандай сезініп келе жатырмын. Бір кезде жоғары көтерілген шалғының көлеңкесін байқап қалып, жан дәрмен алға қарай секіріп кеттім. Оқтай бір нәрсе өкше жағымға тигендей болды. Денемді билей алмай, құлап түстім. Сол сәтте жолдасым көзім түсіп кетіп еді, тілін жұтқандай сілейіп қарап тұр екен. Жүзінің әлем тапырағы шығыпты. Аяғымнан қан судай ақты. Шабылатын шөп жайына қалып, ел жиналып, киіз күйдіріп басып әрен дегенде аққан қанды тоқтатты да, жігіттер үйге көтеріп алып келді. Шалғының қиғаш тиген өткір жүзі қойсын ба, өкшенің жоғары жағынан сіңірді жартылай кесіп түсіпті. Содан аяғым жазылмай, сол жатқаннан 6 айдай үйден шыға алмай қамалып жаттым. Ел ішінде жүріп жатқан гу-гу әңгіме айтылып барып, ол да сілтідей тынды.

Болысқа арнайы бекітілген атқосшы болып жүргендіктен қызметім үшін отбасыма жыл сайынғы қыстық азығым (ұн, бидай сияқты) мен қолдағы аздаған малыма жем-шөпті болыс бергізіп отыратын. Осы көмектерінің арқасында бұрнағы жылдары қыстан қиналмай шығатынмын. Біраз жатып қалғаннан кейін биылғы қыстан қалай шығамын деген үрейлі ой да бір жағынан мазаны алып барады. Елден бір нәрсе сұрауға бет жоқ. Мені ағаш атқа мінгізген түрлі қауесет анау...

Содан бір күні әрі-сәрі күйде жатқанымда Мұқа болыс кіріп келді. Қорқып кетіп, төбе шашым тік тұрды. Жаздағы ел-жұрт құлақтанған жағдайдан кейін көріп тұрғаным жана.

– Кенжебек, – деді кіре сала сұсты дауыспен. – Ештеңе алаң болма! Жылдағыдай қыстық ішіп-жемінді жігіттер жеткізіп береді. Бұдан былай елдің қатынына қарамайтын бол!, – деді де бұрылып шығып кетті. Қорыққанымнан үнім шықпай қалды», – деп әңгімесін аяқтаған еді Кенжебек ақсақал.

Ел басқару, жұрт тыңдайтындай келелі сөз айту екінің бірінің қолынан келе бермейді. Бұл жерде менің сөз етіп отырып көрсетпек болған дүнием – айбындап тұрса да Мұқа болыстың тоқтамдылығы, ақылдылығы, мәрттігі, ел ішіндегі алауыздықты уақытысында байыппен басып отыратын абыздығы еді. Сондықтан да ел-жұрт әлі күнге дейін Мұқа болыстың жасаған істерін естерінен елеусіз қалдырмай, ауыздарынан тастамай айтып, ұрпаққа үлгі етіп келеді.

Басынан өткізген жоғарыдағы әңгімені тындап болған соң мен де Кенжебек ағаға бір ауыз қалжыңымды айтып қалдым.

– Молдеке! Сіз өзіңіз мықты молданың дәріс алдым деп айтып едіңіз. Теріс оқу болады деуші еді, содан да оқып қыз-келіншектерді өзіңізге қаратып қоймап па едіңіз?, – деп едім ақсақал жымынып күліп алды да: «Ол оқуды оқығанмын. Бірақ адам баласына бір ретте қарсы қолданып көрмеппін», – деді. Бір сәтте есіне елдене түсіп кеттіме томсара қалып барып әңгімесін қайта сабақтап кетті.

«Әй, балалар, ең қызығы тағы бар. Жаңағы оқиға суығанда, кейінірек көктемге салым ел жайлауға көшерде біздің үй отырған жұртқа өзімнен үлкен бауырым келіп, бүкіл ауылдың көзінше аттың бауырына алып таза сабады. Тұщы етіме алты өрмнің

ізі білеу-білеу болып түссе де, ешнәрсе деп ақтала алмадым. Үлкенге қол көтеру дегеніңіз құдайға қарсы келумен бірдей, іштен тындық. Қолмен істегенді мойынмен көтеру осы болады. Бауырымның түсінігі бойынша да менің істеген қылығым сол теріс оқудың кесірінен, мені «жын иектеген» деген ой болған болуы керек. Қазақтар ежелден-ақ адамды иектеген жынды қамшы алады деп санайды. Содан екі таяқты әбден жеген соң, теріс оқуды да, теріс қылықты да мүлде ұмыттым», – деп барып тоқтады.

Біз де үнсіз тындадық та қойдық. Мүмкін ақсақал да кейбір жағдайларды бүгіп қалды ма екен, енді ол жағы өзіне аян. Бастысы, ол кісінің де түпкі тұғырлы ойы өз заманының ірі тұлғасының бірі болып қалған Мұқа болыстың адамгершілігін, адами қасиетін әңгімелеп, дәріптеп айтып, арттағыға қалдырғанында болып тұр.

Мақытбек ТҰРЛЫБЕКОВ

Тұрлыбеков Мақытбек Әділұлы – 1958 жылы 3 маусымда Көктал ауылында дүниеге келген. 1965 жылы Дулиеағаш ауылындағы Ленин атындағы орта мектебінің 1 сыныбына қабылданып, 1976 жылы аталған мектепті бітіріп шықты. Сол жылы Алматы қаласындағы «Шетел тілдері педагогикалық институтының» неміс тілі факультетіне оқуға түсіп, 1981 жылы неміс тілі пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітіріп шықты. Жалпы алғанда Мақытбек Әділұлы 40 жылдай білім саласында қызмет атқарып келеді, оның ішінде: 5 жыл мұғалім, 5 жыл мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, 26 жыл Абай атындағы орта мектебі мен Үшарал орта мектептерінде мектеп директоры қызметін атқарды. Соңғы 6 жылдың ішінде «Алматы облыстық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы» қоғамдық бірлестігінің Панфилов аудандық филиалының төрағасы қызметін абыроймен атқарып келеді. Өз еңбек жолында Мақытбек Әділұлы 1999 жылы «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» және 2019 жылы «Ы.Алтынсарин» төсбелгісімен марапатталған.



«Жаркент айнасы» газетінің ұжымы әріптесіміз, белгілі тарихшы, бас редактордың орынбасары, «Жауынгерлік Даңқ музейінің» меңгерушісі Қали Ибрайымжановқа туған ағасы **Ыбрайымжанов Қанаят Тұрдығазыұлының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, ата жолымен көңіл айтамыз.



«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТИ
Меншік иесі: «БАҚ» ЖК
Директор – Дархан БЕЙСЕНБЕК
Бас редактор – Молот СОЛТАНАЕВ
Бас редактордың орынбасары –
Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ
Дизайнер – Әділет МҰСАХАЕВ

Газеттің эл.почтасы:
jar-aina@mail.ru

➤ Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.
➤ Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді.
➤ Газет индексі - 65161
Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
➤ Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.
➤ Газет Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр кентіндегі «Принт плюс» баспаханасында басылды. Оффсеттік басылым.
➤ Нөмірдің таралымы: 1000 дана

Мекен-жайымыз:
Алматы облысы,
Жаркент қаласы,
Е.Сыпатаев көшесі,
242 үй, 14 пәтер
Тел.: 8/705/412-78-48;
8/705/277-16-91;
8/777/971-57-67
Газет екі аптада бір жарыққа шығады.
Тапсырыс: №304

